

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде бағалы қағаздар рыногының жекелеген кәсіптік қатысушыларына ағымдағы шот ашу туралы" ереже жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1997 жылғы 14 тамыз N 302 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 7 ақпан N 447 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 1 сәуірдегі N 43 қаулысымен.

Бағалы қағаздар рыногының кәсіптік қатысушылары қызметінің нормативтік-құқықтық базасын және қор рыногындағы есеп айырысу жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасы
қ а у л ы е т е д і :

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде бағалы қағаздар рыногының жекелеген кәсіптік қатысушыларына ағымдағы шот ашу туралы" ереже бекітілсін және ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Банктік қадағалау департаменті (Н.Қ. Абдуллина):

а) Заң департаментімен (А.Қ.Өртембаев) бірлесе отырып "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде бағалы қағаздар рыногының жекелеген кәсіптік қатысушыларына ағымдағы шот ашу туралы" ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркесін;

б) осы Қаулыны және жоғарыда аталған Ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық Бас) басқармаларына және бағалы қағаздар рыногының кәсіптік қатысушыларына жіберсін.

3. Осы Қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

1 4

т а м ыз д а ғы

1 9 9 7

ж ыл ғы

N

3 0 2

қ а у л ы с ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде бағалы қағаздар рыногының жекелеген кәсіптік қатысушыларына ағымдағы шот ашу туралы" ереже

- мемлекеттік тіркеу фактісі болғанын растайтын, уәкілетті орган берген, белгілі нысандағы құжаттың көшірмесін не соған бара-бар құжаттың көшірмесін;

- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен куәландырылған құрылтайшылық құжаттардың көшірмесін береді.

Ағымдағы шоттар ашу бойынша құжаттар кәсіптік қатысушының Ұлттық Банк бөлімшесі жүргізіп отыратын іс қағаздарында сақталады.

Кәсіптік қатысушының іс қағаздарына жоғарыда аталған құжаттардан басқа электронды төлемдермен алмасудың электронды жүйесін пайдалану туралы шарт және бағдарламалық-криптографиялық қорғау жүйесін пайдалану туралы келісім, егер ағымдағы шот бойынша операциялар мәліметтерді берудің электронды жүйесін пайдалана отырып жүзеге асырылатын болса, сандармен электронды қол қою құжаттары қоса тігіледі.

4. Банктік шоттың шартын жасағаннан кейін кәсіптік қатысушыға жеке шот ашылып, оны Ұлттық Банктің бөлімшелері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1994 жылғы 16 желтоқсандағы N 25 хаттамасымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктерінде бухгалтерлік есеп пен есеп беруді жүргізу ережесінің 1-қосымшасы болып табылатын N 061 нысаны бойынша "Талдау есебін жүргізудің ашық жеке шоттарын тіркеу" кітабына т і р к е й д і .

Ұлттық Банктің бөлімшелері ағымдағы шоттардың иелері туралы мәліметтерді ағымдағы шоттарды тіркеу журналына енгізеді және Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаментіне жібереді.

Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаменті кәсіптік қатысушылардың барлық ашылған шоттары бойынша жинақтау журналын жүргізіп отырады.

5. Ұлттық Банктің бөлімшесі кәсіптік қатысушының Ұлттық Банк бөлімшесіндегі өз ақшасына кедергісіз өкім жүргізуін қамтамасыз етуге және кәсіптік қатысушының ақша сомасы шегінде төлем жасауы құқығын жүзеге а с ы р у ғ а м і н д е т т і .

6. Ұлттық Банктің бөлімшесі банк шоты шартының негізінде:

- кәсіптік қатысушыны қолма-қол ақшамен қамтамасыз етуге;
- кәсіптік қатысушының пайдасына келіп түскен ақшаны қабылдау (есепіне ж а з у) ;

- кәсіптік қатысушының ақшаны үшінші адамның пайдасына аудару туралы ө к і м і н о р ы н д а у ;

- үшінші тұлғаның ақша алуы туралы кәсіптік қатысушы акцептеген талаптарын, сондай-ақ үшінші тұлғаның акцепті талап етпейтін талаптарын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес орындау;

- кәсіптік қатысушының талап етуі бойынша ағымдағы шоттағы ақша сомасы туралы және банк шотының шарттарында көзделген тәртіппен жүргізілген операциялар туралы ақпарат береді;

- кәсіптік қатысушыға шартта және заңдарда көзделген тәртіппен басқа да

қызметтер

көрсетеді.

7. Кәсіптік қатысушының Ұлттық Банк бөлімшесіне жіберген төлем тапсырмалары Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

8. Кәсіптік қатысушыдан төлем тапсырмаларын қабылдау Ұлттық Банктің бөлімшесі жасаған тапсырмаларды қабылдау кестесіне сай жүзеге асырылады. Ұлттық Банктің бөлімшесі қабылданған төлем тапсырмаларын қабылдауды "операциялық күнде" деп көрсетілген тапсырмаларды өңдеу шарттарымен орындауды ескертуге құқылы.

9. Ұлттық банктің бөлімшесіне келіп түскен төлем тапсырмаларының есебін жүргізу және оларды өңдеу бухгалтерлік есеп және есеп беруді жүргізу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Ұлттық Банктің бөлімшесі кәсіптік қатысушының және үшінші тұлғаның талаптарын операциялық күн ішінде орындайды, бұл жағдайда кәсіптік қатысушының Ұлттық Банк бөлімшесіндегі ақшасы жеткілікті болуы керек.

Ұлттық Банк кәсіптік қатысушыға Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда немесе Ұлттық Банк басшылығының шешімі бойынша овердрафт беруге құқы бар.

10. Кәсіптік қатысушы-жіберуші Ұлттық Банктің бөлімшесіне төлем құжаттарын берген кезде өз ақшасын төлем тапсырмасында көрсетілген тұлғаның пайдасына аударуға Ұлттық Банктің бөлімшесіне уәкілеттік береді.

Ұлттық Банктің бөлімшесі кәсіптік қатысушының пайдасына ақша түскен кезде заңдарда белгіленген талаптарға сәйкес оны төлем тапсырмасында көрсетілген сомада қабылдауға (есепке жазуға) міндетті.

11. Ұлттық Банктің бөлімшесі кредит аударымдары бойынша төлем тапсырмаларына байланысты мәселелерде кәсіптік қатысушының агенті ретінде іс-әрекет етеді. Ұлттық Банктің бөлімшесі ақшаны әрбір төлем тапсырмасы бойынша алушы пайдасына қабылдаған (есепке жазған) сәттен бастап агент міндетін орындауын тоқтатады.

12. Кәсіптік қатысушы және Ұлттық Банктің бөлімшесі ақша аудару қауіпсіздігін күшейту мақсатында ақша аудару қауіпсіздігін қамтамасыз етудің іс-шараларын жасап қабылдайды.

Егер ағымдағы шот бойынша операциялар мәліметтерді беру электронды жүйені пайдалану арқылы жүзеге асырылатын болса, төлем тапсырмаларын беру барысында байланыс тораптарына санкция берілмеген кірулерді болдырмау үшін арнайы шифрларды, кодтарды, символдарды қолдану, сондай-ақ егер төлем тапсырмалары курьер арқылы берілетін болса, кәсіптік қатысушы-жіберушінің жауапты қызметкерінің төлем тапсырмаларын телекоммуникациялық байланыс құралдарымен берілуін бақылай отырып растау жөніндегі іс-шараларды

орындауы олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ұлттық Банктің бөлімшесі мен кәсіптік қатысушылар қауіпсіздік іс-шараларын қамтамасыз етуге және қауіпсіздік іс-шараларын жүргізу тәртібі туралы мәліметтердің сақталуын қадағалап отыруға міндетті.

13. Ұлттық Банктің бөлімшесі кәсіптік қатысушының ағымдағы шоты бойынша кәсіптік қатысушының ақшасын қабылдау (есебіне жазу), аудару немесе алу (есептен шығару) бойынша әр операция күні ішінде бір ғана операция жасалса да ағымдағы шоттың көшірмесі жасалып, келесі күні кәсіптік қатысушыға беріледі. Кәсіптік қатысушының пайдасына ақша қабылдағанда (есептегенде) кәсіптік қатысушының көшірмесімен бірге төлем құжаты да, байланыс торабы болған жағдайда - электронды төлем тапсырмасы, ал байланыс торабы болмаған жағдайда кәсіптік қатысушының талабы бойынша оған қағазға басылған электронды төлем тапсырмасы беріледі.

14. Ағымдағы шоттар бойынша жасалған операцияларды тексеру банк шотының шартында белгіленгендей кезең-кезеңімен жүргізіледі, бірақ он күнде бір реттен кем жүргізілмеуі тиіс. Кәсіптік қатысушының жауапты қызметкері шарттар белгіленген мерзім ішінде Ұлттық Банктің бөлімшесіне ағымдағы шоттар бойынша есеп айырысу жағдайы жөнінде ведомость тапсырады. Ұлттық Банк бөлімшесінің жауапты қызметкері ағымдағы шоттың қалдығын ведомоста көрсетілген тиісті сомалармен салыстырады. Сәйкессіздік болмаған жағдайда Ұлттық Банк бөлімшесінің жауапты қызметкері ведомосқа өз қолын және тексерген күнін қояды және оны кәсіптік қатысушының іс қағаздарына тігеді. Егер ағымдағы шот бойынша мәліметтер ведомоста көрсетілген сомаларға сай келмесе, онда Ұлттық Банк бөлімшесінің жауапты қызметкерлері мен кәсіптік қатысушысы бұл жөнінде тиісті Ұлттық Банк бөлімшесінің бас бухгалтеріне және кәсіптік қатысушыға хабарлауы тиіс. Анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі шаралар 3 операциялық күн ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Төлем тапсырмаларын бергенде немесе оны өңдегенде табылған қателіктер кезінде немесе кәсіптік қатысушының жауапты қызметкерінің оны жазып беруге өкілеттігі болмаса, кәсіптік қатысушы осы фактілерді Ұлттық Банктің бөлімшесіне тез арада хабарлауы тиіс. Ұлттық Банктің бөлімшесі кәсіптік қатысушымен бірлесе отырып анықталған фактілерді жою бойынша жоғарыда аталған фактілерді анықтаған соң келесі операциялық күннен кешіктірмей шаралар қолдануы тиіс.

15. Кәсіптік қатысушының ағымдағы шоты банк шоты шартының қолданылуы тоқтатылған кезде және мынадай жағдайларда:

- кәсіптік қатысушы болып саналатын заңды тұлғаның қызметін тоқтатқанда;

- кәсіптік қатысушының бағалы қағаздар рыногындағы кәсіптік қызметін жүзеге асыру лицензиясын қайтарып алғанда жабылады.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК